



МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

3-БЕТ



ҰЛТТЫҢ ҮЗІЛМЕЙТІН ЖІБІ

6-БЕТ



EUROPE, GET READY!

Дастан Сәтбаев  
«Қайратпен» қоштасты

12-БЕТ

**ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН**



**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:**

# «ҰЛТ САУЛЫҒЫ – ЕҢ ҚЫМБАТ ҚҰНДЫЛЫҚ»

**Былтыр ардақты кәсіп иелері – медицина мамандары алғаш рет Ақордаға шақырылып, дәріптелген болатын. Биыл да сол құрмет жалғасын тапты. Елорда төрінде медицина қызметкері күніне орай салтанатты іс-шара өтіп, алқалы жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дәрігерлерді кәсіби мерекесімен құттықтап, сөз сөйледі.**

«Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деген тағылымды сөзге ерекше мән берген. Ұлт саулығы – еліміз үшін бәрінен қымбат құндылық. Сондықтан медицина саласын дамыту мемлекеттің стратегиялық міндеті саналады. Мен Мемлекет басшысы ретінде осы салада табанды еңбек етіп жүрген барша қызметкерге шынайы ризашылығымды білдіремін», – деді Президент.

Мемлекет басшысы наурыз айында өткен Жалпыұлттық референдумға белсенді қатысқан медицина мамандарының еңбегін де атап өтіп, ризашылығын білдірді.

«Қазір біз бәріміз Әділетті, Күшті, Озық әрі Таза Қазақстанды құрып жатырмыз. Біздің алға қойған мақсатымыз – айқын. Жалпыұлттық референдум кезінде азаматтарымыз

отаншылдық пен жауапкершіліктің тамаша үлгісін көрсетті. Медицина саласының мамандары да осы ортақ іске белсене атсалысты. Жұртымыз ел тағдырына бей-жай қарамай, жаңа Конституцияны қолдап, дауыс берді. Бұл жарқын болашаққа жол ашатын аса маңызды шешім болғаны анық», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент салтанатты жиында Жаңа Ата Заңымызда денсаулық сақтау мәселесіне айрықша мән берілгенін, ұлт саулығы ұғымына алғаш рет кең ауқымда назар аударылғанын атап өтті.

«Баршаңызға белгілі, мемлекет медицина саласын дамытуға әрдайым баса назар аударады. Қазір де осы бағытта ауқымды жұмыс істеліп жатыр. Нақты нәтижелер бар. Былтыр еліміз бойынша азаматтардың орташа өмір

сүру ұзақтығы 76 жасқа жақындады. Соңғы үш жылда ана өлімі 35 пайыз, ал сәби өлімі 24 пайыз қысқарды. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы ең төменгі көрсеткіш. Кейінгі жеті жылда еліміз бойынша 1300-ге жуық денсаулық сақтау нысаны салынды. Медициналық сақтандыру саласы да заман талабына сай жаңғыртылды», – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазіргі кезде денсаулық сақтау жүйесінде 280 мыңнан астам маман қызмет ететінін де атап өтіп, олардың мәртебесін көтеру және беделін күшейту еліміз үшін басымдыққа ие міндет болып қала беретінін айтты.

«Дәрігерлердің қауіпсіздігін қатаң қадағалау жұмысы айрықша назарда болуға тиіс. Осы мәселеге былтыр кәсіби мереке қарсаңында өткен жиында арнайы тоқталдым. Сол себепті, мен осы жылдың басында медицина қызметкерлеріне күш көрсеткен адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы Заңға қол қойдым. Бұл шешім қоғамымызда берік орнығып жатқан Заң мен тәртіп қағидатына толық сай келеді», – деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# «ҰЛТ САУЛЫҒЫ – ЕҢ ҚЫМБАТ ҚҰНДЫЛЫҚ»

(Басы 1-бетте)



«Салалық жоғары оқу орындары бұрынғыдай дәстүрлі білім беру мекемесі емес, іргелі ғылым мен жоғары технологиялар орталығы ретінде жаңғыра бастағаны қуантады. Білім беру үдерісі жетілдіріліп, клиникалық оқыту тәсілдері кеңейуде. Интернатура кәсіби даярлықтың толық кезеңіне айналады. Енді оны тәмамдаған тұлғалар базалық білімді меңгерген дәрігер ретінде жұмысқа кіріседі», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент әлеуметтік саладағы міндеттемелерді орындау биліктің барлық тармағының конституциялық міндеті сана-

латынын айтты. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бағдарламасын іске асыру да конституциялық міндеттеме аясына кіреді деді.

«Тегін медициналық қызметтерді қамтитын әлеуметтік мақсаттағы бірегей бағдарламаның басқа елдерде баламасы жоқ. Нәзік жанды аруларымыз дүниеге перзент әкелгеннен кейін қандай жеңілдіктерге ие болатынын білесіздер: жұмыс орны сақталып, үш жыл декреттік демалысқа шығады, тиісті төлемдер алады. Жас аналарға өте жақсы жағдай жасалып отыр. Мен Батыста, атап айтқанда, Швейцария-

да жұмыс істеген кезде осы мәселені зерделедім. Швейцарияда және басқа да Батыс елдерінде мұндай жүйе жоқ. Инновацияларды қарқынды түрде игеру, ем-дом шараларының жоғары стандартына көшу, сондай-ақ баға мен қызмет сапасының теңгерімін сақтау арқылы еліміз медициналық туризмнің өңірлік орталығы ретінде танылып келеді», – деді Президент.

Мемлекет басшысы ЖИ мен цифрлық технологияны отандық медицинада қолданудың алғашқы нәтижелеріне назар аударды.

«Цифрлық технологияның арқасында диагностика жасау уақыты төрт есе қысқарды. Сондай-ақ, қатерлі ісікті анықтау көрсеткіші 30 пайыз артты. Жасанды интеллект дәрігерлерге күрделі клиникалық шешімдерді қабылдауға септігін тигізуде. Бүгінде еліміздегі 1800-ден астам медициналық мекеме цифрлық форматқа көшірілді. Ақпараттық жүйелерді өзара байланыстыру, яғни интеграциялау арқылы әкімшілік жүктеме 40 пайызға дейін төмендеді», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиында отандық медицинаны дамытуға елеулі үлес қосқаны және халық денсаулығын сақтаудағы қажырлы еңбегі үшін бір топ медицина қызметкеріне жоғары мемлекеттік награда тапсырды.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

(Дереккөз: akorda.kz)

САРАП-TIME

## БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛАНЫС тұрақты сауда қатынасымен беки түсті

**17** маусымда Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов V Ташкент халықаралық инвестициялық форумына қатысып, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің қабылдауында болды. Кездесуде Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы лебізі мен ізгі тілегін жеткізді. Сондай-ақ, екі ел арасындағы өзара іс-қимыл сенімге, түсіністікке және бауырлас халықтар арасындағы берік достыққа негізделген стратегиялық әріптестік пен одақтастықтың жарқын үлгісі екенін атап өтті.

### Алыс-беріс артып келеді

Қазақстанның Үкімет басшысы Өзбекстан Президентимен болған кездесуде сауда-экономикалық байланыстарды дамыту, өнеркәсіп кооперациясын кеңейту, көлік-логистика саласындағы өзара ықпалдастықты нығайту, сондай-ақ энергетика, су ресурстары және туризм салаларындағы ынтымақтастық мәселелеріне назар аударылды.

Олжас Бектенов кездесу барысында 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы өзара сауда көлемі 16,2% артып, \$4,8 млрд.-қа жеткенін айтты. Бұдан бөлек, биылғы қаңтар-сәуір аралығында екіжақты тауар айналымы 1,9 млрд. АҚШ долларды құрағанын мәлімдеді. Оның сөзінше бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 42,1% артық. Расында, екі ел арасындағы сауда айналымы жыл сайын артып келеді. Мұны Ұлттық статистика бюросының деректері дәлелдеп отыр.

Биылғы қаңтар-сәуір аралығындағы статистикалық деректерге сүйенсек, Өзбекстан Қазақстанның экспортындағы негізгі елдердің қатарында.

4 айда жалпы экспорт көлемінің 6% Өзбекстанға тиесілі. Бұл өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда, 1,6% көп. Демек, сауда айналымы тұрақты өсіп келеді.

Жалпы алғанда, жоғарыдағы кестені талдайтын болсақ, өткен жылмен салыстырғанда, Қазақстанның негізгі экспорттық елдерінің үлесі өзгергенін байқаймыз. Былтыр Италияның үлесі көп болса, биыл Қытай бірінші орынға жайғасқан.

### Ташкент инвестиция тартуға мүдделі

Енді Ташкентте өткен форумға тоқталсақ. Ташкент халықаралық инвестициялық форумы биыл бесінші рет ұйымдастырылды. Алғашқы форум отырысы 2022 жылы өткен. Форум Ташкенттің Өзбекстанға сыртқы инвестиция көлемін арттыру және елдің жағымды имиджін қалыптастыру мақсатында жыл сайын өтіп келеді.

Биылғы V Ташкент халықаралық инвестициялық форумына Өзбекстан мен Албания Президенттері, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Үкіметтерінің басшылары, сондай-ақ бизнес, халықаралық даму банкі мен



Негізгі экспорттаушы	2025 ж. қаңтар-сәуір	2026 ж. қаңтар-сәуір
Қытай	15,4%	20,3%
Италия	24,4%	16,5%
Ресей	10,3%	8,4%
Түркия	4,9%	7,3%
Өзбекстан	4,4%	6%
Нидерланды	7,1%	5,9%

мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Іс-шара барысында тұрақты экономикалық даму, инвестициялар тарту және инновациялар енгізу мәселелері талқыланды.

Өзбекстан тарапының мәліметі бойынша форумға 100 елден 10 мыңнан астам делегат қатысқан. 16–18 маусымда өткен форумның басты тақырыбы «Инвестициялық тұрақтылық: жаңа мүмкіндіктер мен әріптестер» деп аталды.

Жиынды сөз алған Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев елдің сауда-экономикалық, инвестициялық және өзге де жетістіктерімен таныстырды.

Оның сөзінше, Өзбекстан сыртқы инвесторларға кең мүмкіндіктер ашуда. Ол үшін Ташкент халықаралық қаржы орталығы құрылуда. Қаржы орталығында салық және кедендік жеңілдіктер, капиталдың еркін айналымына кепілдік және кез келген валютада сауда жасауға мүмкіндік берілмек.

Бұдан бөлек, Өзбекстан басшысы елдегі сирек кездесетін бағалы металдарды игеру үшін инвесторларға жағдай жасалынып жатқанын мәлімдеді. Бұл тұрғыда Қазақстанның жүргізіп отырған саясатына ұқсас. Жалпы, соңғы 1 жылда Қазақстан мен Өзбекстан Президенттері сирек

кездесетін бағалы металдарды игеру ісіне инвесторларды тартуға бірлесе әрекет етуде. Әсіресе, АҚШ Президенті Дональд Трамп пен іскерлік әріптестікті нығайтып келеді.

Сондай-ақ, Шавкат Мирзиёев ЖИ, көлік-транзит және туризм секілді салаларда әріптестікті нығайтуға шақырды.

Биылғы форум жұмысына Қазақстанның атынан Үкімет басшысы Олжас Бектенов қатысты. Ол өз сөзінде Қазақстан Орталық Азияның экономикалық әлеуетін ашу мақсатында өңір елдері арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі тереңдетуді қолдайтынын атап өтті.

Премьер-министр цифрлық технологиялар мен ЖИ саласындағы ынтымақтастықтың әлеуетін ерекше атап өтті. Бұл бағытта еліміздің мынадай жетістіктерін тілге тиек етті:

- Екі суперкомпьютер қосылып, Alet.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылды.

- Орталық Азиядағы цифрлық хабқа айналуға бағытталған «ДҒО алқабы» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаны дамытуға әлемдік IT алпауыттары – Firebird және NVIDIA қазірдің өзінде \$10 млрд. көлемінде инвестиция салып отыр.

Қорыта келе, биылғы Ташкент халықаралық инвестициялық форум тұтас Орталық Азия елдерінің инвестициялық имиджіне оң әсер еткенін, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық әріптестік пен одақтастық қатынастың беріктігін көрсетті. Сондай-ақ, Үкімет басшысының Өзбекстан Президентімен кездесуінде биыл шілдеде өтетін Үкіметаралық комиссия отырысына дайындық барысы пысықталды.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

(Дереккөз: Primeminister.kz)



«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

## МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Қала әкімі білім беру жүйесін дамыту бойынша нақты тапсырмалар берді

**Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды мемлекеттік мектептердің басшыларымен кеңейтілген жиын өткізді. Жиын барысында орта білім беру жүйесінің қазіргі жай-күйі, білім сапасын арттыру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қаржылық тәртіпті сақтау және білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындық мәселесі жан-жақты қаралды. Кеңесте Мемлекет басшысы белгілеген жасанды интеллектті дамыту және оны білім беру жүйесіне енгізу жөніндегі міндеттер аясында оқу үдерісіне заманауи цифрлық шешімдерді енгізуге ерекше назар аударылды.**

«Алматы – еліміздің ғылым мен білім орталығы. Білім беру жүйесінің алдында оқыту сапасын арттыру, тәртіпті нығайту, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бюджет қаражатын тиімді пайдалану бойынша маңызды міндеттер тұр», – деп бастады сөзін шаһар басшысы.

Бүгінде қаламызда 360 орта білім беру ұйымы жұмыс істейді. Ондағы білім алып жатқан оқушылар саны 357 мыңнан асса, шамамен 30 мың педагог білім береді. Ағымдағы жылы білім саласын дамытуға қала қаражатынан 434 млрд. теңге бөлінді. Бұл қомақты қаражат қала бюджетінің 15,4%-ы. Кеңесте осынау қаражаттың іске асырылуы да жан-жақты сөз болды.

Сонымен қатар, білім сапасын арттыру негізгі міндеттердің бірі ретінде қаралып, 2025-2026 оқу жылының төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша Алматыдағы білім сапасының көрсеткіші 66%-ға жеткені мәлім болды. Бұл ретте қала әкімі ірі мегаполистің білім беру жүйесі жоғары талаптарға сай болуға тиіс екенін атап өтіп, жұмысты күшейту қажеттігін қадап айтты. Әсіресе, білім сапасы төмен мектептерге ерекше назар аударып, артта қалу себептеріне кешенді талдау жүргізіп, нәтижені жақсарту бойынша жеке жоспар әзірлеу және қабылданған шаралардың тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізуді Білім басқармасы басшысына тапсырды.

Қаладағы өзекті мәселенің бірі болып

отырған оқушы орнының тапшылығы да басты тақырыпқа айналды. Инфрақұрылымды дамыту мәселесі талқыланып, шамамен әлі де 30 мың оқушы орны жетіспейтіні белгілі болды. Алматыда қажеттілік картасы аясында 2030 жылға дейін жалпы сыйымдылығы 105 мыңнан астам орын болатын 69 мектеп салу жоспарланып отыр. Мәселен, тек 2025 жылы ғана 40 мың орынды 37 білім беру нысаны пайдалануға берілсе, оның ішінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған жаңа мектептер де бар.

Қала әкімі мектептердің санитарлық және техникалық жағдайына бақылауды күшейтіп, анықталған кемшіліктерді уақытылы жоюды тапсырды. Кеңесте балалардың қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Қазіргі кезде Алматыдағы мемлекеттік мектептерде бейнебақылау жүйесін, дабыл батырмасын, кіруді бақылау жүйесін және өзге де қауіпсіздік құралдарын қамтитын кешенді қауіпсіздік жүйесі енгізілген.

Дархан Сатыбалды тәрбие жұмысын күшейту, тәуекел тобына жататын балаларды ерте анықтау және білім беру ұйымдары

басшыларының оқушылардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілігін арттыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, қаржылық тәртіп жайы да қаралды. Шаһар басшысы мектеп директорлары бюджет қаражатының заңды әрі тиімді жұмсалыуына дербес жауапты екенін баса айтты. Тексеру қорытындысы бойынша ішкі бақылауды күшейтіп, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету және қаражаттың тиімсіз жұмсалыуына жол бермеу тапсырылды. Сондай-ақ, жазғы кезең мен жаңа оқу жылына дайындық мәселесіне де баса назар аударылып, балалардың жазғы демалысы туралы кеңінен сөз болды. Қала әкімі 293 мыңға жуық оқушыны жазғы демалыспен қамту жоспарланып отырғанын жеткізді. Сонымен қатар, 159 мемлекеттік мектепте жалпы сомасы 3,6 млрд. теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары басталғаны атап өтті.

Кеңес қорытындысы бойынша Білім басқармасы басшысына қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету, білім сапасы, балалардың қауіпсіздігі, мектептердің дайындығы және білім беру саласында «Заң мен тәртіп» қағидатын сақтау мәселесін тұрақты бақылауда ұстау тапсырылды.

«ЖАС ТҮЛЕК»

**Биылғы мектеп бітіруші түлектерге аттестат 9-сынып бітірушілеріне 13-16 маусымда, ал 11-сыныпты бітірушілерге 19 маусымда табыс етілді.**

Биыл Алматыдағы 360 мектепте білім алған 357 222 оқушы үшін жазғы демалыстың қызыққа толы кезеңі басталып та кетті. Ал қала мектептерін 51 391 оқушысы үшін нағыз жауапты сын сағаты басталған еді. Осы оқушылардың 30 411-і 9-сынып бітірсе, олардың шамамен, 11 мыңы колледждерде білімін жалғастыруды жөн көрген. Ал қала мектептерінің 11-сыныбын аяқтаған 20 980 түлек 29 мамыр мен 15 маусым аралығында қорытынды аттестаттау емтихандарын тапсырды.

**Алматының «алтындары»**

Кейінгі жылдары Алматы қаласында аттестат тапсыру салтанатын күндізгі уақытқа өткізу дәстүрге айналып келе жатыр. Түлектердің қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіп, өскелең мәдениетті сақтауға бағытталған бұл дәстүр биыл да жалғасын тапты. Салтанатты жиынға әрбір мектептің педагогикалық ұжымы, түлектер, ата-аналар, педагогикалық еңбек ардагерлері, Қамқоршылық кеңес мүшелері, Білім басқармасының және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Биыл 799 «Алтын белгіге» үміткер түлектің 790-ы өз білімін дәлелдеп, «Алтын белгі» иегері атанды. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Ал түлектердің 2083-і «Қызыл аттестат» иегері атанды. Осынау қимастыққа толы



сәт Алматыдағы білім ошақтарында салтанатпен өтіп, түлектер балалық шақтың ең бір қимас мекеніне айналған алтын ұя мектептерімен қоштасты. Осылайша білім саласының көсегесін көгертіп, оның дамуына еселеп үлес қосып отырған Алматы мектептерінің түлектері шаһардың ғана емес, еліміздің де мақтанышына айналды сөзсіз.

Әуезов ауданындағы №202 мектеп-гимназия түлектеріне аттестат тапсыру салтанаты Оқушылардың Инновациялық орталығында салтанатты табысталды. Әрине, мектеп бітіруші түлектер үшін аттестат тапсыру – өмірдегі ең маңызды әрі есте қаларлық сәттердің бірі. Мектеп бітіруші түлектерді мектеп-гим-

назия директоры Болат Жанайханұлы, түлектердің ата-аналары атынан Айгүл Нұрғазықызы, «Алтын белгі» иегерлері Аружан Мирасқызы, Аслан Мақсатұлы, Шұғыла Жұмабекқызы, Байжан Жания, Айсәуле Асқарқызы, Әмина Ғабитқызының тебіреніске толы тілектері де көпшілікті бей-жай қалдырмады.

**Қайталанбас сәт, қимас сезім**

Ғасырдан астам тарихы бар айтулы білім ошағы №12 мектепте өткен аттестат тапсыру салтанатты жиыны өзгеше мәнде өткізілді. Мектеп директоры Айымгүл Дәуірбекова түлектерді құттықтап, олардың алдағы өмір жолына сәттілік тіледі:

– Биыл біздің мектепті 141 түлек бітірсе, олардың 11-і «Алтын белгі» иегері атанды. Енді сіздер алған білімдеріңіздің арқасында таңдаған оқу орнының студенті атанып, қалаған мамандық иесі болыңыздар. Қазақ білімінің шамшырағы аңызға айналған алтын ұяның даңқы дәуірлей берсін, – деді мектеп басшысы.

Жиында оқу озаттары мен қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқан оқушылардың есімдері ерекше аталды. Түлектер өз кезегінде білім нәрімен сусындатып, өмірлік бағыт-бағдар берген ұстаздарына алғыстарын білдірді. Ата-аналар да балаларының жетістіктеріне қуанып, мектеп ұжымына ризашылықтарын жеткізді.

Енді түлектердің алдында үлкен мақсаттар мен жаңа белестер тұр. Олар алған білімдерін ел игілігі үшін жұмсап, Қазақстанның жарқын болашағын қалыптастыруға өз үлестерін қосары сөзсіз. Осынау қимастыққа толы сәтте ортаға шыққан 11-сыныпты бітіруші түлектер өздері түлеп ұшқан алтын ұяға деген іңкәр сезімдерін ерекше тебіреніспен жеткізді. Алматы мектептеріне тән қалыптасқан дәстүр – түлектер қайырымдылық іс-шараларын өткізіп, «Мектепке сый» атты ағаш, гүл отырғызу акциялары мен әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен арнаулы емдеу мекемелеріне қолдау көрсетуді жалғастырды.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

## 2026 ЖЫЛҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАР

Жылдық жоспар **380** грант

Грант көлемі **400** АЕК

Сомасы **1,7** млн



2025 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Грант иегерлері **433** адам

## КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

- Жұмыссыз азаматтар
- 1 жылға дейін тіркелген жеке кәсіпкерлер
- Атаулы әлеуметтік көмек алушылар
- Көпбалалы отбасылар
- Мүгедектігі бар азаматтар
- Мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылар
- Асыраушысынан айырылған отбасылар

## ТАНЫМАЛ БИЗНЕС БАҒЫТТАРЫ

- 1 Қызмет көрсету
- 2 Қоғамдық тамақтану
- 3 Өндіріс
- 4 Тігін ісі
- 5 Шығармашылық индустрия
- 6 Жартылай фабрикат өндірісі

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ ӘСЕРІ

- 380 жаңа кәсіпкер
- Жаңа жұмыс орындары
- Өзін-өзі жұмыспен қамту өседі
- Отбасылық табыс артады
- ШОБ үлесі күшейеді
- Әлеуметтік тәуелділік азаяды

## КӘСІПКЕРЛЕР ҚАЛАСЫ

**Биыл қалада 380 тұрғын жаңа бизнес-идеяларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік грант алады. Бұл бастама жұмыссыздықты азайтып қана қоймай, шағын және орта бизнестің дамуына тың серпін береді.**

Алматылық тұрғын Айжан Сәрсенова бірнеше жыл бұрын үй жағдайында тәтті өнімдер дайындап сататын. Тұрақты тұтынушылары болғанымен, өндіріс көлемін ұлғайтуға қаржы жетіспеді. Былтыр мемлекеттік грант ұтып алған соң кәсіби пеш пен қажет құрал-жабдықтар сатып алып, шағын цех ашты. Қазір оның өнімдері бірнеше дүкенге жеткізіледі, ал өзі қосымша екі адамды жұмыспен қамтып отыр. Бұл – мемлекеттік гранттың нақты нәтижесін көрсететін жүздеген мысалдың бірі ғана.

Алматыда 2026 жылғы 24 маусым мен 8 шілде аралығында жаңа бизнес-

идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттардың бірінші легіне өтінім қабылдау басталады. Бірінші кезеңде 190 грант беру жоспарланған. Жалпы, жыл соңына дейін 380 азамат қайтарымыз қаржылай қолдауға ие болады.



нақты мүмкіндік береді. Грант қаражаты қайтарымыз негізде ұсынылады және бизнес-жобаны жүзеге асыруға қажет құ-

рал-жабдықтар мен техникаларды сатып алуға жұмсалады», – дейді ол.

## Әлеуметтік әділеттілік

Мемлекеттік гранттардың басты ерекшелігі – оның әлеуметтік бағыттылығында. Бағдарлама ең алдымен еңбек нарығында бәсекеге түсуі қиындау азаматтарға арналған. Атап айтқанда, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көпбалалы отбасылар, мүгедектігі бар азаматтар, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылар, асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар, ресми жұмыссыздар, бір жылға дейін тіркелген жеке кәсіпкерлер. Әлеуметтік осал топтарға арналған мұндай қолдау ұзақ мерзімде мемлекеттің әлеуметтік жүктемесін азайтады. Себебі, жәрдемақы алушы азамат кәсіпкерге айналып, өзі ғана емес, өзгелерді де жұмыспен қамтуға мүмкіндік алады.

## Өтінім беру қалай жүзеге асады?

Өтініштер «Электрондық еңбек биржасы» порталы арқылы қабылданады. Одан кейін арнайы комиссия бизнес-жобаларды қарайды. Бағалау кезінде жобаның өміршеңдігі, экономикалық тиімділігі, нарықтағы сұранысы, даму әлеуеті ескеріледі.

Комиссия мақұлдаған жағдайда үміткер мемлекеттік грантқа ие болады. Былтыр Алматыда 433 тұрғын мемлекеттік грант алса, биыл тағы 380 азаматқа қолдау көрсету жоспарланып отыр.

Дана САДЫРҚАН.

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

## БИЗНЕС-ИДЕЯҢЫЗ БОЛСА, МАРХАБАТ!

1,7 млн. теңгеге дейін қайтарымызсыз грант ала аласыз

**Жыл басынан бері Алматының Еңбек мобильділігі орталығына 22 мыңнан астам тұрғын жүзінген. Олардың 18,7 мыңы ресми түрде жұмыссыз мәртебесін алса, 7,8 мыңнан астам алматылық тұрақты жұмысқа орналасқан. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов мәлімдеді.**

Спикердің айтуынша, биыл кемінде 51 мың жұмыс орны ашылмақ, оның 45 мыңнан астамы тұрақты жұмыс болмақ. Сұранысқа ие бағыттардың бірі – кәсіби оқыту. Бірінші тоқсанда курстарға 104 адам жіберілген, сонымен қатар 40 мамандық бойынша тағы 282 бос орын тұр. Олардың қатарында тігінші, визажист, шаштараз, аспаз, кондитер, наубайшы, сылақшы, флорист, web-әзірлеуші мен басқа да мамандық бар.

«Қысқа уақытта оқыту адамдарға жаңа мамандықты тез меңгеріп, еңбек нарығының талаптарына бейімделуге көмектеседі. Оқыту білім беру ұйымдарында



да, жұмыс берушілердің жұмыс орындарында да жүргізіледі. Оған қатысатындар оқып жүріп шәкіртақы немесе жалақы алады. Сонымен қатар, біз skills.ezbek платформасы арқылы қашықтан оқыту форматын да жан-жақты дамытуды қолға алып жатырмыз», – деді Бауыржан Жаубасов.

Жастар да басты назарда. Қазіргі уақытта жастар практикасы бойынша ең сұранысқа ие мамандықтар қатарында мұғалім, логопед, бухгалтер, бағдарламашы, заңгер, стоматолог пен медицина қызметкерлері бар.

Биыл қалада жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін 380 мемлекеттік грант

беріп, сондай-ақ бизнес бастайтын кәсіпкерлерді оқытып, оларды қолдау жағы көзделуде. Спикердің айтуынша, жаңа бизнес-идеяны іске асыруға арналған мемлекеттік грант – 1 730 000 теңге мөлшеріндегі қайтарымызсыз қаржылай көмек.

«Гранттар бизнес бастаған кәсіпкерлерге өз идеясын жүзеге асыруға, қажетті құрал-жабдық сатып алуға, өндірісті жолға қойып, тұрақты табыс көзін қалыптастыруға көмектеседі. Әсіресе, халықтың әлеуметтік осал топтарына көп көңіл бөліп отырмыз», – деп толықтырды сөзін басқарма басшысы.

Бірақ грантты тұтынушылық мақсатқа, несиені жабуға, тұрғын үй немесе жер телімін сатып алуға, сондай-ақ акцизделетін өнім өндіруге пайдалануға болмайды.

Грант алатындардың қатарына тіркелген жұмыссыздар мен тіркелгеніне үш жылдан аспаған жеке кәсіпкерлер іліге алады. Сонымен бірге, үміткер әлеуметтік санаттың біріне жатуы тиіс. Олардың қатарында көпбалалы отбасылар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылар, қандастар, қоныс



аударушылар мен асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы алатын азаматтар бар.

Нұржамал ӘЛІШ.

# ТАУ ТУРИЗМІ

## Қазақстан өңірлік көшбасшыға айнала ала ма?



**Кез келген елде туризм саласы – экономиканың негізгі драйвері. Дүниежүзілік саяхат және туризм кеңесінің деректеріне сәйкес, 2025 жылы туризм саласының әлемдік экономикаға қосқан үлесі 10 трлн. еуроға жетіп, жаһандық жалпы ішкі өнімнің 10,3%-ы болған.**

Орталық Азияда да туристік белсенділік тұрақты өсім көрсетуде: 2025 жылы өңір елдеріне 238 миллионнан астам шетелдік турист келген, ал жалпы туристік ағын 2023 жылмен салыстырғанда, 37%-ға артқан. Мысалы, Іле Алатауы ұлттық паркінің келушілер саны 2020 жылғы 300 мыңнан 2025 жылы 950 мыңға дейін артты. Бұл туристік ағынның экономикалық әсері шамамен, 1,5 млрд. теңгеге бағаланады. Қазақстанның басқа да туристік дестинацияларында оң даму динамикасы байқалып отыр.

Алматы қаласындағы Оi-Qaragai тау курортының аумағында Орталық Азия елдеріндегі туризмге арналған

жыл сайынғы саммит – Central Asian Sustainable Tourism Annual Summit 2026 өтті. Жиынға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстаннан келген туризм саласының, мемлекеттік органдардың, бизнес-қоғамдастықтың, халықаралық ұйым өкілдері мен сарапшылар қатысты. Олар Орталық Азиядағы туризм саласының даму перспективаларын, экожүйелерді қалыптастырудың халықаралық тәжірибесін, тау туризмі кластерлерін дамыту жолдарын, туризм саласындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру тетіктерін, сондай-ақ табиғи мұраны сақтау мен ұлттық паркттерді дамыту мәселелерін талқылады.

Саммитті ашқан STDF қорының бас директоры Максим Гандрабура Орталық Азия тұрақты туризмді дамытудың үлгілі аймағына, ал Қазақстан осы үдерістің көшбасшысына айналуға толық әлеуеті бар. Бірақ отандық туризм индустриясы бірнеше күрделі сынақпен бетпе-бет келіп отыр деген пікірде.

«Қазіргі туризм спорттық сипаттан мәдени-танымдық және «инстаграмдық» бағытқа ауысты. Бірақ туристерді автобуспен әкеліп, 5 минуттан

кейін жиналындар» дейтін емес, жабайы табиғаттағы қауіпсіздікті қамтамасыз ете алатын, аудиториямен жұмыс істейтін кәсіби гидтер мен мамандар өте аз. Тағы бір мәселе кейбір туристік аймақтарда визит-орталықтар мен қарапайым әжетханалар жетіспейді», дейді Максим Гандрабура.

«Kazakh Tourism Development» компаниясының PR-директоры Бақытжан Тоимбектің мәліметінше, тау туризмі тәулігіне орта есеппен, 300 АҚШ долларын жұмсайды. Бұл жағажай туризмінің шығынынан бірнеше есе көп.

Орталық Азия елдерін біріктірген бірегей жобада туристік бағыттарды дамытудың нақты тәжірибелік мысалдарды талдауға және өңірдегі туризм саласын тұрақты дамытудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыруға ерекше назар аударылды.

Іс-шара соңында ұйымдастырушылар биыл күзде өтетін тұрақты туризмді дамыту жобаларына арналған жаңа жыл сайынғы инвестициялық алаң – алғашқы Central Asia Tourism Investment Forum форумы өтетінін ресми түрде жариялады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

«АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ

**Алматы – алып мегаполис. Сондықтан қаланың кейбір аумақтары мен салаларында шешімін күткен мәселелердің болуы заңды құбылыс. Мұндай жағдай оңтүстік астанамызға ғана емес, әлемдегі ірі қалалардың бәріне тән. Қала тұрғындары түрлі түйткілдерді жауапты органдардың назарына жеткізу үшін әлеуметтік желілерде жазба жариялап, қала басшылығына немесе редакциямызға жүгініп жатады.**

Жақында медиахолдингінің уақытша кеңсесіне арнайы іздеп келген Мейірхан Рахманқұлқызы апайымыз

## ӘЖЕ АЛҒЫСЫ

да белгілі бір мәселе көтеруге келген шығар деп ойладық. Сөйтсек, жасы 80-ге таяған зейнеткер шағым емес, өз міндетін адал атқарған азаматтарға алғыс айту үшін келіпті.

Алматы мектептерінде 50 жылға жуық еңбек еткен қала тұрғыны біраз уақыт бойы кәріз және су жүйесіне қатысты қиындық көргенін айтты. Кеңсай зираты маңындағы Мұстафа Шоқай көшесінде орналасқан үйінің жанындағы гараж астына су жиналып, қолайсыздық туғызған. Зейнеткердің айтуынша, мәселені шешуге Медеу ауданының әкімдігі ықпал еткен.

– Аудан әкімі Еркебұлан Оразалин арнайы келіп, көшеміздің жағдайымен танысты. Нәтижесінде су және кәріз желілерінің жұмысы ретке келтіріліп, жол толықтай асфальтталды. Осы үшін шын жүректен алғысымды білдіремін, – дейді ақжаулықты ана.

Мейірхан Рахманқұлқызы бұдан бөлек өзіне әрдайым қолдау көрсетіп жүретін әлеуметтік сала мамандарына да ризашылығын жеткізді. Иә, қоғамдағы осындай игі істер халық пен билік арасындағы өзара сенімді нығайта түседі.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



## АВТОБУС ЖОЛАҒЫ іске қосылады

**Ертеңнен бастап Саин көшесінің Рысқұлов даңғылынан Мұстафин көшесіне дейінгі бөлігінде пилоттық режимде қоғамдық көлікке арналған арнайы жолақ жұмыс істей бастайды. Бұл туралы Алматы қаласының Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасының өкілдері айтты.**

Жобаны іске қосу аясында жол қызметтері арнайы сары түсті жолақтарды сызу және тиісті жол белгілерін орнату жұмысын бастап кетті. Барлық жұмысты 19 маусымға дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Басқарма өкілдерінің мәліметінше, арнайы жолақты енгізудің мақсаты – қоғамдық көлік қозғалысының тиімділігін арттыру, жол қозғалысын реттеу және қаланың ең қарқынды көлік дәліздерінің бірінде қауіпсіздікті күшейту.

Жаңа қозғалыс схемасы автобустардың тұрақты әрі болжамды қозғалысын қамтамасыз етуге, жалпы көлік ағынындағы кідірісті азайтуға және маршруттардың қозғалыс кестесінің сақталуын жақсартуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Пилоттық режим қабылданған шаралардың тиімділігін бағалауға және жол қозғалысына қатысушылардың өзгеріске кезең-кезеңімен бейімделуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты жүргізушілерден жол белгілері мен жол таңбаларына мұқият назар аударып, бағытын алдын ала жоспарлау сұралады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

## БІРЖАҚТЫ ҚОЗҒАЛЫС

**18 маусымнан бастап Алматы қаласының Медеу ауданында Достық даңғылының Гоголь көшесінен Жібек жолы даңғылына дейінгі бөлігінде солтүстік бағытта, сондай-ақ Зенков көшесінің Мақатаев көшесінен Гоголь көшесіне дейінгі бөлігінде оңтүстік бағытта біржақты қозғалыс енгізілді.**



Бұдан бөлек, Әуезов ауданында Атамекен көшесінің («Атамекен» шағынауданы) №103 үйден №108 үйге дейінгі бөлігінде оңтүстік бағытта біржақты қозғалыс ұйымдастырылған. Бұл туралы Алматы қаласының Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасының өкілдері айтты.

Аталған шешім Алматы қаласы Полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасымен бірлесіп жүзеге асырылуда және көлік жүктемесін азайтуға, көше жол желісінің өткізу қабілетін арттыруға, сондай-ақ жолдағы даулы жағдайлардың санын қысқартуға бағытталған.

Өзгеріс қазіргі көлік жағдайына жүргізілген талдау нәтижесі мен аудан тұрғындарының өтінішін ескере отырып қабылданды.

Біржақты қозғалыс пилоттық режимде енгізілетіні атап өтілді. Алдағы шешімдер оның тиімділігіне жүргізілетін мониторинг қорытындысы бойынша қабылданады.

Дана САДЫРҚАН.



**Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі ретінде ұлттық салт-дәстүр мен құндылық қатар аталады. Бірегей болмысымызды сақтап, болашақ ұрпаққа сіңіру – ұлттық тәрбиемен тығыз байланысты. Осы ретте қазақтың келіні, Баукеңнің келіні атанған Зейнеп Ахметованың өмірден түйгенін тағы бір жаңғыртқанды жөн көрдік.**

**Ана мектебі**

Қазіргінің көнекөзі, ұрпаққа тәлімі мол әз әже болып отырған Зейнеп апамыз өз анасынан алған тәрбиесін ғұмырына қазақ еткенін былай деп жеткізеді: «Кішкентай кезінде балалары шетінеп кеткендіктен болар, ата-анам мені ерекше еркелетіп өсірді. Бірақ сол еркелетудің өзінің шегі болды. Анам үнемі: «Жалғызсың дегенге еркелікке салынба. Қылығың да, жүріс-тұрысың да жалғызға лайық болсын. Барған жеріңде бізге сөз келтірме» деп ескертіп отыратын. Сенесіздер ме, мен бес-алты жасымда-ақ оқуды үйрендім. Алты-жеті жасымда тоқыма тоқуды меңгердім. Тоғыз-он

жасқа келгенде түрлі үй шаруасын, тігінді толық игеріп шықтым. Үйде жұмыс істейтін адамдар болса да, анам мені ерте жастан еңбекке баулыды. Сондағы түсінгенім, тәрбие сөзбен емес, көрсетумен беріледі екен.

**«Келін болуға дайындады»**

Анам мені кішкентайымнан-ақ болашақ келін, бір әулеттің ұйытқысы болуға дайындапты. Сол тәрбиенің арқасында тұрмысқа шыққанда еш қиындық көрмедім. Егер анамның мықты тәрбиесі болмағанда, мінезі күрделі, талапшыл ортада жүріп, қонақ күтіп, үлкендердің алдын көріп, бәріне төтеп беру маған оңай болмас еді.

Тұрмысқа шығар алдында анамның: «Күн шыққанша ұйықтама. Сен енді бір ошақтың, бір қазанның иесісің. Отты лауластып ұстайсың ба, әлде өшіріп аласың ба – ол өзіңе байланысты. Сенің ісіңе қарап бізге баға беріледі» деген сөзі әлі күнге дейін жадымда сақтаулы.

«Қайын атаның алдында жалаңбас жүрме», «күйеуіңнен бұрын тұр», «шашынды реттеп, бет-қолыңды жуып барып қазан-ошаққа жақында» деп үйретті. «Ұйқыдан тұра сала қол жумай от жақпа, өйткені түнімен қолың қайда тигенін білмейсің» деп тазалықты да қатаң қадағалады. Осындай тәрбиенің өзі анамның берген ең үлкен мұрасы екен.

«Үйің таза болсын, дастарханың дәмді болсын. Күйеуіңнің жағасы кірлемесін. Даладан келгенде «қайда болдың, қайда бардың?» деп тергеп тұрма», – деп тәрбиеледі бізді үлкендер. Осындай тәліммен

Атам қазақ «Қызға қырық үйден тыйым» деген. Бұл – шектеу емес, жауапкершілік. Әр адам қыз баланың алдында үлгі-өнеге көрсетуі тиіс. Өйткені, бүгінгі қыз – ертең бір әулеттің келіні, бір шаңырақтың ұйытқысы, ұрпақ тәрбиелейтін ана, кейін әже, яғни тұтас әулеттің тұлғасы.

Өкінішке қарай, бүгінде осы құндылықтар әлсіреп барады. Себебі, біз енді тұйық қоғамда өмір сүріп отырған жоқпыз – жанданду дәуіріне аяқ бастық. Тәуелсіздік алғаннан кейін шекарамызды аштық, әлемге құшағымызды жайдық. Соның нәтижесінде жақсы да келді, жаман да келді. Көрмегенге бәрі таңсық болды, әсіресе, жастар сырттан келгеннің бәрін қабылдай бастады».

**Өз құндылығымыз өрге сүйрейді**

Жазушының ойынша жат құндылық жолдан жаңылдыруы мүмкін, өз құндылығымыз ғана өрге сүйрейді:

«Батыс өз мәдениетін ұсынып, «өркеніетке жеткіземін» деді. Шығыс «дінді күшейтемін, пәктікке бастаймын» деді. Екеуінің ортасында қазақтың өз болмысы көмескіленіп қалды. Сонда сұрақ туады: қазақ қайда? Қазақтың өз жолы қайда?»

Халықта «ықтырмаң болмаса, желге өкпелеме» деген сөз бар. Бөгденің жақсысы да, жаманы да келіп жатқанда, өзімізді қалай сақтап қаламыз? Бір уыс қазақ жандандудың дауылында жұтылып кетпеуі үшін не істеу керек?

Жауап – ұлттық құндылықта. Ең алдымен – ана тілімізде. Қазақ тілі – ұлттың жаны, рухы, айнасы. Барлық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тәлім-тәрбие осы тіл арқылы бойға сіңеді. Тілді сақтасақ – ұлтты сақтаймыз. Басқа жол жоқ.

Атам марқұм маған соғыс жайлы көп айтпайтын. Есесіне, ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді, ырым-тыйымдарды үздіксіз үйрететін. «Мен саған айтатын, сен балаңа айтасың, ол өз баласына жеткізеді. Сөйтіп, бір әулетте қазақтың иісі сақталады» дейтін».

Рая ЕСКЕНДІР.


# ҰЛТТЫҢ ҮЗІЛМЕЙТІН ЖІБІ

өстік, одан жаман болған жоқпыз, керісінше, қадірлі болдық, сый көрдік. Сондықтан бүгінгі күні жетіспей тұрғаны – осы тәрбие деп ойлаймын.

**Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі**

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуші Зейнеп апамыз қазіргі қоғамдағы бала тәрбиесіне алаңдаулы:

«Тәрбие болмаса, ұрпақтың да берекесі кетеді. «Қызы тәрбиесіз елдің іргесі сөгіледі, ырысы төгіледі, тұнығы лайланады» деген де бекер айтылмаған. Ұрпақтың жұтаңдауы да осыдан басталады. Сондықтан ең әуелі мықты тәрбиені қыз балаға беру керек.



## «ӘКЕ КӨРГЕН ОҚ ЖОНАР»

**Қазақ халқы бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін әрдайым жоғары бағалаған. Қазіргі кезде ақпарат пен технологияның әсері күшейгенімен, әкенің отбасы мен бала өміріндегі маңызы кеміген жоқ.**

Осыған байланысты Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының Қоғамдық даму орталығы жүзеге асырып жатқан «Отбасы – бақыт мекенім» жобасы аясында Қазақ спорт және туризм академиясында «Тәрбие басы – әке қолында» атты қалалық форум өтті.

Форумда отбасы институтын нығайту, бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін арттыру, ұлттық тәрбие құндылықтарын дәріптеу, ер-азаматтардың отбасы алдындағы жауапкершілігін күшейту және жас ұрпақ-

қа рухани бағыт-бағдар беруге ерекше мән берілді. Іс-шараға қатысқан қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, сарапшылар және отбасы мәселелерімен айналысатын мамандар қазіргі қоғамдағы отбасы құндылықтары мен әке тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді талқылады.

– 2023 жылдан бастап елімізде маусым айының үшінші жексенбісі Әкелер күні ретінде атап өтіледі. Осыған орай барша әкелерді келе жатқан мерекемен құттықтаймыз! Бұл күн – қоғамдағы әкелердің рөлі мен мәртебесіне көрсетілген ерекше құрметтің белгісі деп білеміз. Әдетте, әкені отбасының тірегі, асыраушысы ретінде сипаттаймыз. Алайда, оның көзге көріне бермейтін еңбегі мен жауапкершілігі, отбасы жолында еңсеретін қиындықтары туралы жиі айта бермейміз. Сондықтан әкенің отбасында да, қоғамда да маңызды орнын әрдайым насихаттап,

дәріптеуіміз қажет. Әке – ұлына азаматтықтың, батылдықтың және адалдықтың үлгісі болса, қызы үшін қорғаны мен қамқоршысы. Сондықтан әкенің тәрбиесі мен өнегесі ұрпақ қалыптастыруда айрықша маңызға ие, – деді Алматы қаласының Қоғамдық даму орталығының басшысы Айдар Есенбеков.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Саят Қамшыгер форумға қатысқан жастармен отбасы институтындағы әкенің рөлі туралы сөз қозғады. Ақынның айтуынша, бүгінде көптеген ата-ана балаларына жеткілікті көңіл бөле алмай жүр. Бұл өз кезегінде бала тәрбиесіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан ол әкелерді балаларымен көбірек сөйлесіп, оларға уақыт бөліп, қамқорлық танытуға шақырды. Сондай-ақ, балаға мейірім мен жылу сыйлаудың маңызын ерекше атап өтті.

– Ата-ана жылы шырай танытқанда, баланың көзі жанып, шабыттана түседі. Мұндай бала сергек, өзіне сенімді болып өседі. Әке мен ананың жақсы сөзін естіп өскен бала тас қопарып, тау бұзады, яғни үлкен жетістіктерге жете алады. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген бекер айтылмаған. Тағы бір маңызды жайт – бала бұзық болып тұмайды, оны орта қалыптастырады. Қазіргі кезде балаларымызды көбіне әлеуметтік желідегі контент тәрбиелеп жатыр. Бала ата-анасынан таппаған мейірім мен қолдауды басқа жақтан іздейді. Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген қанатты сөзі бар. Мен бүгінгі күні оған «Ел боламын десең, өзің үлгі бол, контентті түзе» деген ойды қосар едім, – деді ол.

Досбол АТАЖАН.  
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

# EUROPE, GET READY!

## Дастан Сәтбаев «Қайратпен» қоштасты



**Алматының Орталық стадионында ел біріншілігі аясында «Қайрат» пен «Қызылжар» арасындағы ойын өтті. Бұл матч – 17 жастағы Дастан Сәтбаев үшін алматылық команда сапындағы соңғы ойыны болды. Қазақстандық ойыншы алдағы уақытта лондондық «Челсиге» қосылады.**

Шаһардың басты алаңы жас шабуылшымен қоштасуға келген жанкүйерлерге толы болды. Ойын алдында стадион экрандарында 10-шы нөмерлі ойыншыға арналған бейнеролик көрсетілді. Онда Сәтбаевтың академия жылдарындағы бейнежазбалары мен негізгі команда сапындағы жарқын сәттері паш етілді. Сонымен қатар «Қайраттың» негізгі құрамында 58-ші ойынның өткізген футболшыға клуб басшылығы естелікке 58 нөмірлі жейдені сыйға тартты.

Орталық стадионындағы ойында Александр Затула төрешілік етті. Ал трибуналарда нағыз мерекелік көңіл күй орнады. Жанкүйерлер тоқтаусыз «Дастан» мен «Қайрат» деп ұрандатумен болды. Мұндай қолдауға жігерленген «сары-қара» жейделі ойыншылар да алғашқы минуттардан алаң қонақтарын қыспаққа алуға тырысты. Дегенмен, бұл матчта алматылықтар тек жеңіс үшін күресетінін білген «Қызылжар» ойыншылары қорғаныста бекем болды. Бірінші таймда алматылық шабуылшылар – бразилиялық Эдмилсон мен аргентиналық Себальостың жұбы жақсы өнер көрсетті. Бірақ ойын есебі ашылған жоқ. Матч үзілісінде алаңдағы жанкүйерлер «Алматы – ең алғашқы махаббатым» деп ән салып, команданың жас жұлдызына жылы лебіздерін білдірді. Ал ультрас жанкүйерлер тобы әйгілі 51-секторда Дастанға арнап арнайы баннер жайды. Онда «Europe, get ready! The Qazaq batyr is on the way», яғни «Еуропа, дайын бол! Қазақ батыры келе жатыр» деген жазу болды.

Ойынның екінші жартысы баяу басталды. «Қайрат» шабуылдары нәтижесіз болды, ал «Қызылжар» қорғаныстан шабуылға шығуға ұмтылмады. Осындай тұста көпшіліктің сүйікті ойыншысына айналған Сәтбаев ойынды өз қолына алып, айып алаң сыртынан жойқын соққы жасап, 59-минутта есеп ашты. Трибуналар 10 нөмірлі ойыншының нәтижесіне тәнті болып, қошемет көрсетті. Бұл голдан кейін ойын өрнегі өзгере

### Дастанның жетістіктері:

- Қазақстан чемпионы (2025);
- Қазақстан Суперкубогының иегері (2025);
- Премьер-лиганың үздік ойыншысы (2025);
- «Қайрат» ФК тарихындағы ең жас ойыншы (15 жас, 9 ай, 14 күн);
- «Қайрат» ФК тарихындағы ең жас гол авторы (16 жас, 6 ай, 18 күн);
- Қазақстан ұлттық құрамасы тарихындағы ең жас ойыншы (16 жас, 7 ай, 8 күн);
- Қазақстан ұлттық құрамасы тарихындағы ең жас гол авторы (17 жас, 3 ай, 3 күн);
- УЕФА Чемпиондар лигасының негізгі кезеңінде гол соққан тұңғыш қазақстандық футболшы (2025/26);
- УЕФА Чемпиондар лигасы тарихындағы гол соққан ең жас үш футболшының бірі;
- QJ League чемпионы (2023, 2024);
- QJ League ең үздік ойыншысы (2024).



бастады. Матчтың басым бөлігінде қорғаныста болған петропавлдық ойыншылар есепті теңестіруге тырысты және бірнеше жақсы мүмкіндігі де болды. Бірақ кейде сәттілік жетіспесе, енді бірде Темірлан Анарбеков қақпасын қорғап қалды. Алматылық команданың бапкері Рафаэль Уразбахтин де ойынға өзгеріс енгізіп, клуб академиясының тәлімгерлері Азамат Тұяқбаев пен Исмаил Бекболатты алаңға шығарды. Бұл шешім оң нәтиже әкелді. Қапталдағы кезекті шабуылда, Тұяқбаев командаласы Бекболатқа сәтті пас беріп, екіншісі допты қақпаға дәл бағыттады. Ойынның 85-минутында есеп 2:0 болды. Дегенмен, бұл нәтиже ұзақ уақыт сақталған

жоқ. 87-минутта «Қайратқа» жақында қосылған Марк Гуальдың пасынан кейін Дастан екінші голын соқты. Осылайша алматылық команда бұл ойында 3:0 есебімен жеңіске жетті. Ал Сәтбаев өзін тәрбиелеген клуб жейдесіндегі соңғы ойында дубль авторы атанды. Ойыннан кейін 17 жастағы ойыншы Орталық стадионыңды толық айналып өтіп, өзін әрдайым қолдаған жанкүйерлеріне алғысын білдірді.

Жалпы, ел футболшының жас жұлдызы Қазақстан Премьер-лигасында 41 матч өткізіп, 21 гол мен 9 ассист жасаған. Іріктеу кезеңін қоса алғанда Чемпиондар лигасында өткізген 11 ойында 4 гол мен 1 ассисті бар. Оған дейін Қа-

зақстан жасөспірімдер лигасында (QJ League) 28 матч өткізіп, 27 гол соқты және 9 нәтижелі пас берді.

Еске салайық, 2024 жылдың қараша айында Сәтбаев лондондық «Челси» клубының академиясына екі апталық сынақтан өтуге ресми шақырту алды. Сынақ мерзімінде ол алдымен 16 жасқа дейінгі (U-16), кейін 19 жасқа дейінгі (U-19) командада бақ сынап, кейін клубтың қосалқы құрамына ауыстырылды. Онда үш гол соғып үлгерді. Осыдан кейін әйгілі «Челси» сол кезде 16 жаста болған шабуылшыны сатып алды. Бірақ келісімшарт бойынша ол кәметел жасқа толғанға дейін «Қайрат» сапында өнер көрсетті. Енді Сәтбаев Лондонға аттанады.

### P.S.:

**Алматылықтар мен қалың оқырман қауымның атынан шаршы алаңда допты шиірген қазақ баласына жарқын жеңістер тілейміз! Ақ жол, Дастан!**

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.  
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

# ҚАУІПСІЗ ОТБАСЫ – ҚУАТТЫ ЕЛ

## Алматыда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы жұмыс күшейді

**Түн ортасы ауған шақ. Екі баласын қушақтап, үстіне іліккен халатымен үйден жүгіріп шыққан Айнұрдың (есімі өзгертілген) аяқкімі де болмапты. Көршісінің есігін тоқтаусыз қаққан келіншек сол түні өмірінде алғаш рет «маған көмек керек» деп айтуға баатылдық жинаған. Көп жылдан бері күйеуінің қорлығы мен қорқытуына шыдап келген ол бұл жолы балаларының көзінше болған жанжалдан кейін үйде қалу қауіпті екенін түсінген.**

### 2026 ЖЫЛДЫҢ СӘУІР АЙЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Жауапкершілікке тартылғандар:



«Сыртты бүтін, іші түтін». Иә, сырт көзге сәні келіскен, шамы жарқыраған кей үйлердің ішінде тағдыр тәлкегіне тап болған жандардың көз жасы мен қорқынышы қатар өмір сүріп жатады. Бір қарағанда, берекелі көрінетін шаңырақтың астында үнсіздікке көмілген жанайқай, айтылмаған өкпе, жасырылған жара бар. Өкінішке қарай, тұрмыстық зорлық-зомбылық көрінісі – біз атаған «сыртты бүтін, іші түтін» отбасының көбейгенін көрсететін ащы шындық.

Алматы қаласында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес жұмыстары кейінгі жылдары күшейген. Соның нәтижесінде мегаполисте отбасылық-тұрмыстық қатынас саласындағы қылмыстар саны азайды. 2026 жылдың басынан бері мұндай 67 дерек тіркелсе, былтыр осы кезеңде 71 жағдай болған. Биылғы жылдың сәуір айының қорытындысы бойынша 3104 адам профилактикалық есепке қойылған. 2557 құқықбұзушыға қорғау нұсқамасы шығарылып, 547 адамға сот ерекше мінез-құлық талаптары белгіленген.

Алматы қалалық Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының

орынбасары Айтан Елеусізов тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты қоғам көзқарасының өзгергенін айтады:

«Бұрын отбасылық жанжал көбіне әркімнің жеке ісі ретінде қабылданса, бүгінде мұндай әрекетке нақты құқықтық баға берілетін болды. Зорлық-зомбылықтың психологиялық, сексуалдық немесе экономикалық сияқты кез келген түрі заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеледі. Уақытылы көмекке жүгіну қайғылы жағдайдың алдын алуы мүмкін», – дейді ол.

Оның айтуынша, қазір полиция тұрмыстық зорлық-зомбылық пен сталкингтің алдын алуға ерекше назар аударып отыр. Жыл басынан бері 78 адам алкогольмен мәжбүрлі емделуге жіберілген. Тағы 30 құқықбұзушы психокоррекция кабинеттеріндегі арнайы бағдарламалардан өткен. Дағдарыс орталықтарына 24 әйел мен олармен бірге 49 кәмелетке толмаған бала орналастырылған.

Айнұр есімді кейіпкеріміз де дәл осындай орталықтардың көмегіне жүгінгендердің бірі. Алғашында ол арыз жазудан қорқыпты. Себебі, күйеуінің «өзгеремін» деген сөзіне сеніп, балалар үшін отбасын сақтап

қалғысы келген. Бірақ уақыт өте психологиялық қысым күшейіп, бақылау, қоқан-лоққы, телефон арқылы аңду күнделікті жағдайға айналған.

«Ең қиыны – өзіңді кінәлі сезіну. Бір кезде «мүмкін мен дұрыс сөйлеспедім» деп ойлай бастайсың. Кейін бұл қалыпты өмір емес екенін түсіндім», – дейді кейіпкер.

Құқыққорғаушы, «Human Rights Lawyers» қоғамдық қорының президенті Ләззат Рақышева мұндай жағдайларда жәбірленушілер көбіне ұзақ уақыт үнсіз жүретінін айтады.

«Негізгі мақсат – зорлық-зомбылықтың алдын алу. Әйелдер көп жағдайда қорқыныштан, экономикалық тәуелділіктен немесе қоғамның сынынан именіп, көмекке кеш жүгінеді. Сондықтан құқықтық және психологиялық қолдау қатар жүруі керек», – дейді құқыққорғаушы.

Қазақстанда 2026 жылдың 2 наурызынан бастап құқықбұзушылықтың алдын алу туралы жаңа кешенді заң күшіне енді. Құжат тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтіп, құқықбұзушылықтың алдын алу тетіктерін жетілдіруге бағытталған. Қазір елімізде қорғаныс нұсқамалары беріледі,

құқықбұзушылар арнайы есепке алынады, ал полиция әрбір хабарламаға міндетті түрде ден қоюға тиіс.

Алматыда да бұл бағыттағы жұмыстар бірнеше деңгейде жүргізіліп жатыр. Қалада «Отбасы» жедел-профилактикалық іс-шарасы тұрақты өтеді. «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы аясында тұрғындармен кездесулер ұйымдастырылады. Арнайы полиция бөлімшелері профилактикалық жұмыстар жүргізсе, «Жан-Сая» дағдарыс орталығы әйелдер мен балаларға уақытша баспана, психологиялық және құқықтық көмек көрсетіп келеді.

Дағдарыс орталықтары одағы заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы Зүлфия Байсақова жәбірленушілердің неге агрессорға қайта оралатынын түсіндіреді.

«Өкінішке қарай, әйелдердің көбі бұрынғы өміріне қайтып оралады. Бұған тұрғын үйдің жоқтығы, қаржылық тәуелділік, балалардың болуы, туыстар қысымы әсер етеді. Зорлық-зомбылықтан шығу – ұзақ процесс. Сондықтан ұзақ мерзімді қолдау аса қажет», – дейді маман.

Оның айтуынша, Алматыда алғаш рет тұрмыстық зорлық-

зомбылықтың алдын алуға арналған мекемеаралық жоспар әзірленіп жатыр. Құжат профилактикалық күшейтуге, зорлық-зомбылықты ерте анықтауға және психологиялық әрі әлеуметтік көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Бүгінде мегаполисте мектептерде, колледждерде және қоғамдық орындарда түсіндіру кездесулері жиі өтеді. Полиция қызметкерлері мен психологтар тұрғындарға құқықтық қорғау тетіктері мен сенім телефондары туралы ақпарат береді. Себебі, отбасындағы тұрақсыздық ең алдымен баланың психологиясына әсер етеді. Үреймен өскен бала қоғамға сенуден қалып, тұйықталуы мүмкін.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес – тек полицияның немесе әлеуметтік қызметтің міндеті емес. Бұл – қоғамның ортақ жауапкершілігі. Көрші үйден шыққан жанжалға бей-жай қарамау, көмек сұраған жанға қолдау көрсету кейде бір адамның ғана емес, тұтас отбасының тағдырын өзгертуі мүмкін.

**Дана САДЫРҚАН.**

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

БРИФИНГ

# ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

**Алматыда қарт адамдардың Аденсаулығын сақтап, белсенді өмір салтын ұстануына, жаңа білім алуға және қоғам өміріне белсене араласуына мүмкіндік беретін «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының желісі қарқынды дамып келеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Орталық директоры Сәуле Бекетаева жан-жақты айтып берді.**



палы өмір сүруіне жағдай жасау, олардың әлеуметтік белсенділігін сақтап, қала өміріне белсенді араласуын қамтамасыз ету, – деді С.Бекетаева.

Бүгінде «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының қызметін 18 мыңнан астам зейнеткер пайдаланып отыр. Орталықтар ашылғалы бері 222 мыңнан астам түрлі қызмет көрсетілген. Мекемелер Алматының барлық ауданында орналасқандықтан, егде жастағы азаматтардың әлеуметтік, білім беру, мәдени және сауықтыру бағдарламаларына тең қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жоба қатысушылары арасында-

ғы күйзеліс деңгейі 50 пайыз, ал жалғыздық сезімі 55 пайыз төмендеген. Сондай-ақ, келушілердің 70 пайыздан астамы денсаулық жағдайының, эмоционалды көңілінің және әлеуметтік белсенділігінің жақсарғанын атап өткен.

Зейнеткерлерге көрсетілетін барлық қызмет жергілікті бюджет есебінен тегін ұсынылады. Қатысу үшін тұрғылықты жері бойынша ең жақын «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына барып, тіркеуден өту қажет. Орталық келушілері арасында емдік дене шынықтыру, йога, гимнастика, би, хор әні, сурет салу, қолөнер үйірмелері, сондай-ақ компьютерлік және цифрлық сауаттылық курстары ерекше сұранысқа ие. Сонымен қатар, психологиялық қолдау, білім беру бағдарламалары мен шығармашылық бағыттар да кеңінен сұранысқа ие.

Сәуле Бекетаеваның айтуынша, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының

қатысушылары Алматы мен Қазақстанды халықаралық деңгейде абыроймен таныстырып жүр. Би ұжымдары бірнеше рет Гран-при иегері атанып, халықаралық байқаулардың лауреаттары болған.

Жобаның ерекше мақтаншысы – Алматы әжелері» ұжымы. Егде жастағы модельдерден құралған бұл топ Италия, Испания, Қытай, Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері және Қырғызстанда өткен халықаралық сән апталықтары мен этнофестивальдерде Қазақстанды таныстырды.

Есептік кезеңде шамамен 9 мың медициналық кеңес көрсетіліп, 19 мыңнан астам адам психологиялық қолдау алған. Бұдан бөлек, келушілер үшін 400-ден астам спорттық, мәдени және білім беру іс-шарасы ұйымдастырылған.

**Әзірлеген Дана БОЛАТҚЫЗЫ.**

## СҮРІ ӘҢГІМЕ

**«Жақсылардың көңілі – алтын сандық»  
Ждейді қазақ. Серағаның – Серікқали  
Байменше ағамыздың Алматыға келгенін  
естіп, сүбелі сұхбат құрып, ана тіліміз хақын-  
да тілдесек деген ілтипатымызды жеткіз-  
генбіз. Арзу-тілегімізді қабыл алған Серағаны  
Ұлттық кітапханада газет парақтап отыр-  
ған жерінен (бір танбайтын қарапайым қалпы-  
мен) жолықтырдық. Қазақстан Жазушылар  
және Журналистер одағының, Республикалық  
терминология комиссиясының мүшесі, Қазақ-  
станның құрметті журналисі, филология ғылы-  
мының докторы, профессор, жастарға тілек-  
тес жақсы ағамен әңгіме тиегі бірден  
ағытылды.**


Серікқали  
БАЙМЕНШЕ:

көп томдық терминологиялық сөздікте бір терминнің баламасын түпкілікті байыптай алмай жүргенде, мынау ағыл-тегіл тіл қазынасы емес пе?!» деп атап өткенбіз. Осы көп баламалылықтың кейде сөзжасам практикасына әсері болатын сияқты.

Термин – біреу, қалғандары оған тіреу болуға тиісті екені ескерілмейді. Синонимдік қатарды тізбелеу, сөздің баламалы сипатын кең пайдалану – көркемсөз бен көсемсөзге жарасатын мәнер. Алайда, жеке салаға келгенде, оның орнықты өз термині сақталуға тиіс. Сондықтан балама табуды тілдің өз қойнауынан іздейміз, одан табылмаса, түркі тілдес ағайын арасына іздеу саламыз, ол жақтан да шықпаса, амалсыз түпнұсқалы тіліне тоқтап, оны қазақша сөйлетуге тырысамыз. Жаңа термин табу, сөзжасам практикасы осылай жүзеге асып келеді.

Әлемдік қолданыстағы (халықаралық) терминдерді тіліміз бай екен деп бас салып қазақшалай бергенді онша қолдай қоймаймыз. Бұл көп жағдайда тілді түсінуді қиындатады. Терминнің мәнін, мағынасын һәм мазмұнын түсініп алмай тұрып, оны бірден аударуға болмайды. Мүмкін, сол күйінде қазақшаға бейімдеп қолдану әлдеқайда тиімді болатын шығар. Оның үстіне кейбір шетелдік терминнің мағынасы түбірінен емес, алдыңғы-соңғы жалғау-жұрнақтары арқылы ашылатын да жағдаят кездеседі. Жалпы «шеттен жеткен сөзге кейде балама таба алмай» қиналатымыз да рас.

Енді жоғарыда аталған ескі сөздікке ойысайық.



# «БЕКІТКЕН ТЕРМИНДІ ДЕ БЕКЕМДЕУ КЕРЕК»

– Еврей ғалымдары мемлекеттері құрыла сала көне иврит тілін тірілтуді қолға алған еді. Алаш қайраткерлері олардан да бұрын қазақ тілін барлық салаға икемді дамытуды қолға алған болатын. Бұл үрдіс толық жүзеге асты ма?

– Қалыптасып келе жатыр десек, біршама нақтылау болатын сияқты. Өйткені, салалық стильдің қалыптасуы оның терминологиясына байланысты. Бір терминнің әр салада әртүрлі қолданылуы тілдің қолданысын орнықты ете алмайды. Сол себепті, бекітілген терминдердің өзін сала-сала бойынша қайта зерделеп, салыстырып, бір ізге түсіру талап етіледі. Терминология комиссиясы жүргізіп келе жатқан жұмыстардың бір тармағы осы бағытта жалғасып жатыр.

Бастауда тұратын алғашқы буынның қазақша термин қалыптастыру жолындағы қайраткерлігі ұмытылмайтын мұра. Сол кезден бері өзгеріссіз қолданылып келе жатқан баламалар аз емес. Алайда, аталған заманның жаппай қазақшалауды ұстанған пуристік бағытын бүгінгі дәуірге тұтастай алып келуге болмайды. Ол кезде сауатты адамдар саны шектеулі болса, қазір жағдайымыз мүлде басқаша. Ол кезде термин, бір жағы, түсіндірмелік сипат алды, алдымен, терминнің мазмұнын түсіндіру жағы басым тұрды. Негізінен, орысшадан аударылғандықтан оны қазақша қалай түсіндіруге болады деген мақсат кезделді. Бүгінгі заманда терминнің дефинициясын білу ешқандай қиындық тудырмайды, соны негізге ала отырып, оның мағынасы қазақша қай сөзге үйлеседі, мұны тіл жағынан туыс ағайын қалай аударды екен, әлемнің қанша тілінде дәл осы тұлғасында өзгеріссіз пайдаланылады деп ізденуге де жол ашық. Терминжасамда осының бәрі ескеріледі.

Алаш арыстары, мысалы, «переводчикті» ешқашан «аудармашы» деген жоқ, «аударушы» деді. Беріректегі Ғабит Мүсірепов те «аударушы» деп өтті. «Аудармашы» қылған кейінгі ұрпақ, себебі бұл буын Алаш мұрасымен таныс емес еді, сол себепті өздерінше аударып, қолданысқа енгізді. Әлі күнге дейін аудармашы деп келеміз. «Аудармашы» мен «аударушының» мағыналық астарында елеулі айырмашылық бар екенін байқауға болады: аудару дегенде, ең алдымен, жанды үдеріс, қозғалыс, серпін елестейді. Ал «Аударма» деген соң, әрине, солай жасағың келіп тұрады. Міне, бұрынғының айтқаны бұрыс кетпес дегендей, Алаш туын ұстаған тұңғыштарымыз аударманың осындай иіріміне көңіл бөлген. Ойланатын жайт, әрине.

– «Аударманың айбозы» деп өзіңіз ат қойған Герольд Бельгер ақсақалымыз профессор М.Машановтың 1899 жылы Орынбордан шығарған «Русско-киргизский словарь» деген еңбегін талдайды. Сонда бір орысша сөздің 17 қазақша баламасын кездестіргенін жазыпты. Бірақ қазір шеттен жеткен сөзге балама таба алмай, сол сөзді қаз-қалпынша қотара салатын әдет шығардық, оны құптайтындар да көп. Қараптан-қарап тілдің тынысын тарылтқанымыз қалай?

– Герольд Бельгер ақсақалға қатысты мысалды «Тілге тілмаш» деген кітабымызда келтіргенбіз және «өзіміздің

*Негізінен алғанда,  
бекітілген терминді сақтау  
керек. Ол тілдің тұрақтылығының  
белгісі. Баламада түбір сөздің табиға-  
ты сақталмай тұрғанын, ең алдымен, сөз  
ұстаған газеткерлер тап басу керек. Жаз-  
баша аударушылардың дені осы ортадан  
шығады. Газет бір сөйлемде бір сөзді екі  
рет қайталамауға үйретеді. Аудармаға  
әбден кәсіби түрде бейімделген адам  
мұны жақсы түсінеді әрі аударатын  
терминінің «ата-тегі» алдын  
ала тергеп-тексеріп  
алады.*

Мәскеуде еңбек еткен жылдары тапқан бір олжам – қолымда 1910 жылы Қазанда Н.Катановтың төрағалығымен шыққан «Русско-киргизский словарь» деген сөздік бар. Мұндағы сирек қолданысты баламалардың сипаты бөлек. Қаншама жаңа сөз кездеседі. Түсіндірме сөздіктің қызметін де атқара алады. Ол тілді білмейтін адамға бөтен тілді қалай үйрету (үйрену) керек деген ең басты сұраққа қалтқысыз жауап беретін еңбек. Әрине, сөздікті қайта басып шығарғаннан ешкім ұтылмас еді, бірақ біздің елде бұған батылдық еткен баспа да, адам да әзір табылып тұрған жоқ.

– Аудару ісіндегі не сөзжасамда күңгірттіктің бір ұшы түбір сөздің табиғатын сақтамауда жатыр. Тегі тергелмей шыққан терминдер де тілімізге әбден сіңіп барады. Әу бастан терминтанудың қандай қағидаларын қатаң түрде ескеруіміз керек еді?

– Осы бағыттағы пікіріміздің шет жағасын жоғарыда білдірдік. Дегенмен, айтылар сөз аз емес. Өзің мысалдап отырған механизм – тетік жайынан бастайық. Біз мектепте, одан кейінгі оқыған әдебиеттерде «тетік» дегенді орыстың «рычаг» сөзінің қазақшасы деп қабылдап келдік. Кейін, неге екенін білмеймін, «тетік» пайда болды. Шама-сы, қазақтың «істің тегіні табу» деген тіркесіне сүйенген болуы мүмкін. Бірақ «тетігін табу» деген істің жөнін келтіру, ыңғайын табу екені екі адамның біріне белгілі. Қазіргі «салық тетігі», «нарық тетігі» дегеннің бәрінің мазмұны механизмге тіреліп тұр.

«Тетікті» сөз білетін сөздік авторының ешқайсы «механизм» демейді (дей алмайды), оны техниканың, техникалық құрылымның бір бөлшегі, құралы, т.б. деп таниды; солай түсіндіреді; о бастағы «рычаг» сөзінің тетікке дәл келген мағынасының дұрыс екені осыдан көрінеді.

Мән-мағына жағынан «механизм» жай тетіктен жоғары тұр. Механизм дегеніңіз – машина, былайынша айқанда, қозғалыстағы темір-терсектің жиынтығы. Сол сияқты, «дені тетік» деген тіркес бар, ол механизмді емес, адам-

ның аман-саулығын білдіреді. Бұдан басқа, «оқығанның көңілі тетік, сөзі майда» деген мақал да бар.

«Тегі тергелмей шыққан терминдер» деп дұрыс айтып отырсың. «Тетік» – осының айнымас мысалы. Ол Терминкомда бекітілген сөз. Бірақ бекітілген терминдердің өзіне сын көзімен қарауымыз керек. Кейінгі жылдары Терминком тарапынан осы бағытта елеулі жұмыс жүргізіле бастағанын білеміз.

Кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия сапында жүріп, қазақ тілінің халықаралық мәртебеде қолданылу деңгейін көтеру мақсатында жұмыс істедік. Сонда шығарған орыс-армян-белорус-қазақ-қырғыз-ағылшын тілдеріндегі сөздігімізде қазақшасын «механизм» деп ала отырып, пайдаланушыларға жеңіл болуы үшін Қазақстанда «тетік» деген қолданысы бар деп ескерткенбіз. Бірақ өз тәжірибемізде «тетік» деп жазбаймыз, мүмкіндігінше «механизм» үлгісін қолданамыз. Мұндай мысалдар аз емес.

– Бекітілген терминдерден де мін табылып жата ма?

– «Тілде тоқтау жоқ» деп, әдетте бекітілген терминдердің өзіне «тиісіп» жататын жұртқа жақтырмай қарайтын кез болады ғой. Үнемі олай емес, әрине. Оның орын дысына құлдық, орынсызын орнына қою керек болады. Тілге қатысты айтылған сөздер, жарияланған пікір-ұсыныстар ешқашан ескерусіз қалмауға тиіс. Кезінде осының бәрін жинақтап, жүйелеп, қорытынды шығарып, дұрыс жазуға нұсқау, бағыт беріп отыратын бір орган болса, не құрылған бір орган қолына алса деп жазғанбыз.

Негізінен алғанда, бекітілген терминді сақтау керек. Ол тілдің тұрақтылығының белгісі. Баламада түбір сөздің табиғаты сақталмай тұрғанын, ең алдымен, сөз ұстаған газеткерлер тап басу керек. Жазбаша аударушылардың дені осы ортадан шығады. Газет бір сөйлемде бір сөзді екі рет қайталамауға үйретеді. Аудармаға әбден кәсіби түрде бейімделген адам мұны жақсы түсінеді әрі аударатын терминінің «ата-тегі» алдын ала тергеп-тексеріп алады.

Оқырманды өзіне көбірек тарту үшін әр газетте «Жаңа сөздер жарысы» деген айдар ашылып, терминдер тезге түсіп тұрса, жұртшылық пікірі жарияланып, оның нәтижесі Терминкомға ұсынылып жатса, тіл тіршілігі қыз-қыз қайнаған болар еді. Өкінішке қарай, қоғамда осы бір бағыт бәсең, салғырттық сезіледі.

Мұндай мәселені жандандыруды әдетте біреу қолға алу керек. Жұртшылық арасында кең танымал «Алматы ақшамы» газеті осыны бірінші болып бастап, «Жаңа сөздер жарысын» ұйымдастырып, тіл, аударма, терминология, жаңа сөзжасам мәселелері бойынша республика жұртшылығына ой салып, оқырманмен екі арадағы байланыстың жаңа жолын ашса, артық болмас-ты деп ойлаймыз. Сонда тіл мәселесі «Ана тілі» немесе «Қазақ әдебиеті» газетінің ғана ісі болып қалмай, бәрімізге ортақ екендігін осы қадам көрсетер еді.

– Сүрі әңгімеңізге көп рахмет!

Әңгімелескен  
Дастан ҚАСТАЙ

# ДӘРІГЕРЛЕР ДӘРІПТЕЛДІ

**Алматыдағы Оқушылар сарайында өткен кезекті бір ішараның мақсаты – Медеу ауданындағы денсаулық сақтау ісін ілгерілетуге, дамытуға, тұрғындардың денсаулығын нығайтуға үлес қосқан медицина қызметкерлеріне құрмет көрсету.**

Жоспарлы жиынға ақ халатты абзал жандар ертеден жиналды. Ғимараттың үлкен кеңістігінде орнатылған LED-экраннан отандық эстраданың жұлдыздары ізгі тілегін жаудырып, дәрігерлерге айрықша алғысын айтып жатты.

Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев та арнайы сөз сөйлеп, дәрігерлердің қоғамдағы құнды қызметін жоғары бағалады. Сондай-ақ, ақ халатты абзал жандардың ерен еңбегіне алғыс білдірді.

– Халық денсаулығы – мемлекетіміздің басты стратегиясы. Сіздердің еңбектеріңіз – мемлекет дамуының негізі. Сондықтан ерекше құрметтейміз, мерекелеріңіз құтты болсын! – деді Айдос Нұрлыбаев.

Денсаулық сақтау саласының үздіктері Болат Садықов пен Зәуреш Аманжолова да әріптестеріне құтты болсын



айтып, медицина қызметкерлерінің қоғамдағы мәртебесі мен кәсіби қызметіне тоқталды.

Жақсылығы мен жаңалығы жарасым тапқан жиында үздік медицина қызметкерлері марапатталып, Алғыс хаттар мен арнаулы наградаларға ие

болды. Осылайша Медеу ауданының 90 жылдық мерейтойында 90 медицина қызметкері құрметке бөленді.

Жиынның соңы әуелеген ән, күмбірлеген күй төгілген мерекеге ұласты.

**Дастан ҚАСТАЙ.**

## «АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ

# Ақ халатты жандарға алғыс!

**Сүйікті газетіміз «Алматы Сақшамы» арқылы күллі адамзат баласының денсаулық сақшысы – дәрігерлер қауымын төл мерекесімен құттықтап, алғысымызды жеткізгіміз келеді. Алматы қаласының медицина саласындағы барша қызметкерлерді айтулы мерекесімен құттықтап, баға жетпес еңбектеріне табыс, қызметтеріне жеміс, отбасыларына денсаулық пен береке тілейміз!**

Алматы – тәулік бойы қозғалысы тоқтамайтын, миллиондаған адамның тағдыры тоғысқан алып шаһар. Сондықтан да қаланың денсаулық сақтау жүйесінің жауапкершілігі де ауыр әрі ерекше. Күн сайын мыңдаған тұрғын дәрігер көмегіне жүгінеді, жүздеген адам тексеруден өтеді, ондаған сәби өмірге келеді. Осындай сәттердің бәрінде адам өмірі мен денсаулығы үшін ақ халатты абзал жандар қызмет етеді. Біз олардың қызметінің маңызын әр уақытта лайықты қадірлеп жүрміз бе, жоқ па? Сондықтан осындай атаулы күнде оларға алғыс айту парызымыз секілді.

Денсаулық сақтау қызметкерлері күні қарсаңында қала медицинасының дамуына үлес қосып жүрген барша мамандарға алғыс білдіру – әр тұрғынның азаматтық парызы. Соның ішінде өзін ұзақ жылдан бері қызметіне куә болып келе жатқан Алатау ауданындағы №29 қалалық емхананың ұжымына деген ризашылығымыз ерекше.

Бүгінде №29 қалалық емхана 70 мыңнан астам тұрғынға алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетеді. Мыңдаған пациенттің сеніміне ие болған ұжым сапалы қызмет, кәсібилік және жауапкершілік қағидаттарын басшылыққа алып келеді. Соңғы жылдары емхана «Baby Friendly Hospital» және «Үздік тәжірибелер орталығы» мәртебелеріне ие болып, медициналық қызмет сапасын арттыру бағытында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді.

Ұжымды тәжірибелі басшы, жоғары санатты дәрігер Ақмира Садықова басқарады. Оның жетекшілігімен емханада цифрландыру, заманауи басқару жүйе-



лері және пациентке бағытталған қызмет көрсету мәдениеті қалыптасқан. Бүгінде бұл мекеме Алатау ауданындағы денсаулық сақтау саласының үйлестіруші орталықтарының біріне айналды.

Емхананың әр бөлімінде өз ісіне адал мамандар еңбек етеді. Дәрігерге дейінгі кабинетте пациенттерді жылы қабақпен қарсы алатын Татьяна Сергеевна Малау, рентген қызметіндегі Айжан Сыдық, зертхана жұмысын үйлестіріп отырған Ляззат Космайлова бастаған мамандар күн сайын жүздеген адамның денсаулығын анықтауға үлес қосуда. Диагностика саласында ұзақ жылдық тәжірибесімен танылған ультратрадыстық зерттеу дәрігері Анар Мұратқызы мен оның әріптестері дәл диагноз қою арқылы көптеген науқастың емін уақытылы бастауына мүмкіндік жасап келеді.

Пациенттердің ерекше құрметіне ие болған мамандар қатарында эндокринолог Бибиайша Ташанова, алерголог Эльмира Алмаханқызы, уролог Бағжан Маратұлы, невропатолог Мөлдір Жағыпарқызы, акушер-гинеколог Алия Найманова, офтальмолог Қайрат Жұмабайұлы, кардиологтар Азат Мерей мен Майра Абдраимова, онколог Нұргүл Өмірзаққызы сынды дәрігерлер бар. Олардың кәсібилігі мен жанашырлығы мыңдаған тұрғынның алғысына бөленіп келеді.

Пандемия кезеңінде №29 емхана ұжымы ерекше сынақтан өтті. Сол қиын уақытта Әйгерім Әлшенқызы бастаған жас мамандар тобы тәулікпен еңбек етіп, тұрғындарға медициналық көмек көрсет-

удің алдыңғы шебінде болды. Бүгінде сол буын тәжірибе жинақтап, емхананың сенімді тірегіне айналды.

Мұнда тек емдеу жұмысы ғана емес, профилактика мен ағарту ісі де жолға қойылған. Дәрігерлер тұрғындарға салауатты өмір салтын насихаттап, аурулардың алдын алу, вакцинация, ана мен бала денсаулығы мәселелері бойынша тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Әлеуметтік қызметкерлер мен психологтар қиын жағдайға тап болған отбасыларға қолдау көрсетіп, ерекше күтімді қажет ететін азаматтардың мәселесін назардан тыс қалдырмайды.

Пациент ретінде мені әрдайым таңқалдыратыны – емханадағы ұйымшылдық, тазалық және адамдарға деген құрмет. Ғимаратқа кірген сәттен бастап қызметкерлердің жауапкершілігі мен өз ісіне деген адалдығы байқалады. Өйткені, медицинадағы ең басты құндылық – адам өмірі. Ал осы құндылықты қорғау жолында №29 қалалық емхананың ұжымы күн сайын аянбай еңбек етіп келеді.

Дәрігерлер күні қарсаңында Алматы қаласының медицина саласында қызмет етіп жүрген барша мамандарға, сондай-ақ №29 қалалық емхананың ұжымына шынайы алғысымды білдіремін. Сіздердің еңбектеріңіз – тұрғындардың денсаулығы мен өмір сапасының кепілі. Ақ халаттарыңызға кір жұқпасын, еңбектеріңіз әрдайым құрмет пен алғысқа бөлене берсін!

**Ләззат БАЙТҮБЕКОВА,**  
ардагер ұстаз.

**Қолжетімділік мәселесі – тек заң талабын орындау емес. Бұл – адамға деген құрметтің және барлық азаматқа тең мүмкіндік қағидатын жүзеге асырудың көрсеткіші.**

# ШЕКТЕУСІЗ МҮМКІНДІК

## Бізде бәріне де орын бар

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Мұрат Мұратбеков мүмкіндігі шектеулі адамдар мен басқа да жүріп-тұруы шектеулі азаматтар үшін қолжетімді және кедергісіз орта қалыптастыру мәселесін тарқатты. Бүгінде Алматыда 60 мыңдай мүгедек жан тұрады.



Аталған департамент әлеуметтік инфрақұрылым нысандарында қолжетімділік талаптарының сақталуын бақылайды. Биыл жыл басынан бері 45 нысанға тексеру жүргізілген. Бақылаушы органның назарына денсаулық, білім беру, мәдениет, спорт мекемелері, тактильді көрсеткіштің, мүгедектігі бар адамдарға арналған автотұрақ орнының болуына, сондай-ақ көру және есту қабілеті бұзылған адамдар үшін ақпараттың қолжетімділігіне назар аударылды.

Тексеру барысында пандустар мен көтергіш құрылғылардың бар-жоғына, жайкүйіне, кіреберіс аймақтың қолжетімділігіне, санитарлық-гигиеналық бөлмелердің жабдықталуына, қызметкерді шақыру түймесінің, тактильді көрсеткіштің, мүгедектігі бар адамдарға арналған автотұрақ орнының болуына, сондай-ақ көру және есту қабілеті бұзылған адамдар үшін ақпараттың қолжетімділігіне назар аударылды.

Тексеру нәтижесінде 32 нысанға анықталған заңбұзушылықты жоюды орындауға міндетті нұсқамалар берілді. Тағы 6 субъект әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы – 2 млн. 76 мың теңге.

Қолжетімді ортаны бақылаудың негізгі құралдарының бірі – «Инвагов» интерактивті картасы. Бұл цифрлық ресурс әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарының қолжетімділігі туралы ақпарат алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, қоғамдық бақылаудың тиімді тетігі болып саналады. Спикердің айтуынша, қазір еліміз бойынша осы картаға 42 983 нысан енгізілген. Оның 9212-сі бізде орналасқан. Алматыдағы 6210 нысан мүгедектігі бар азаматтар мен жүріп-тұруы шектеулі адамдар үшін толық қолжетімді деп белгіленген. Биылдың өзінде қалада 1147 нысан бейімделіп, қолжетімді етілген.

Спикер биылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасының жаңа Құрылыс кодексі күшіне енетінін де айтты. Бұл құжат нысандардың қолжетімділік талаптарына сәйкестігі туралы декларацияны бекіту тәртібін өзгертеді. Енді бұл процесте Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық департаменттері де қатысады. Осылайша нысандардың қолжетімділік талаптарына сәйкестігін бақылау жергілікті атқарушы органдардан салалық мемлекеттік құрылымдарға өтеді.

Брифингте қолжетімді орта тек ғимараттармен шектелмейтіні де айтылды. Ол көлік, цифрлық қызметтер, ақпарат пен коммуникация, сондай-ақ әмбебап дизайн қағидаларын қамтиды. Қалада бұл бағыттағы жұмыс «Инклюзивті Алматы – 2030» бағдарламасы аясында жүргізілуде.

**Нұржамал ӘЛІШ.**

БРИФИНГ

# ОТАН МЕН ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

**Алматы қаласының Ағарту және Ғылым департаментінің коммуникациялар қызметінде «Отбасы жауапкершіліктен басталады: қазіргі әкелердің көзқарасы» тақырыбында баспасөз конференциясы өтті.**

«Қазақстан Әкелері» республикалық қоғамдық бірлестігінің тең құрылтайшысы, «Жыл әкесі – 2020» республикалық байқауының жеңімпазы Елям Абрахманов қазіргі қоғамда отбасының бала тұлғасын қалыптастырудағы рөліне және әкенің тәрбиесіндегі маңызына тоқталды.

«Цифрландыру мен әлеуметтік желілердің ықпалы күшейген қазіргі заманда бала мен ата-ана арасындағы тікелей қарым-қатынас, бірге уақыт өткізу және әкенің бала тәрбиесіне белсенді қатысуы ерекше маңыз-



ға ие. Балаға дұрыс өмірлік бағдар беріп, жауапкершілік пен қоршаған ортаға құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал етуде әкенің рөлі зор», – деді ол.

Ал көпбалалы әке, Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы-

ның Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Бақыт Қалымбет берік отбасының негізі ата-ананың жауапкершілігі мен олардың балаға көрсететін жеке үлгісінен басталатынын айтты. Ол қазақ халқының отбасы-

лық тәрбиеге ежелден ерекше мән бергенін айтып, балаларға қолайлы жағдай жасаумен қатар, оларға дұрыс үлгі көрсету маңызды екенін жеткізді. Себебі, баланың дүниетанымы мен мінез-құлқының қалыптасуына ата-ананың іс-әрекеті тікелей әсер етеді.

Спикер қазіргі қоғамда интернет пен әлеуметтік желілердің ықпалы артқанын, осындай жағдайда әкенің тәрбиелік рөлінің бұрынғыдан да маңызды бола түскенін айтты. Оның пікірінше, әке баламен сенімді қарым-қатынас орнатып, оның қызығушылықтарын қолдап, дұрыс шешім қабылдауына бағыт-бағдар беруге тиіс.

«Жауапты әке – берік отбасының тірегі, ал берік отбасы – қуатты әрі өркендеген мемлекеттің негізі», – деп түйіндеді спикерлер.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**  
Сурет: Самат СЕРИКБАЙҰЛЫ.

«ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ»

## Оқитын ел озады

**Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасында «Зерделі ұлт: кітап оқу мәдениетін дамытудың өңірлік моделі» атты «дөңгелек үстел» өтті. Іс-шара Президенттің «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын насихаттау және жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылды.**

Басты мақсат – қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, оқырмандық белсенділікті арттыру, ұлттық әдеби мұраны дәріптеу және жастардың рухани-мәдени дамуына қолдау көрсету.

«Дөңгелек үстелді» кітапхана жетекшісі Ғалия Сламбайқызы ашып, кітапхана қызметін жаңғырту және автоматтандыру, зерделі ұлт қалыптастыруға бағытталған жаңа жобалар жөнінде сөз қозғады.

«Бұл кездесу – тәжірибе алмасу алаңы, ортақ мақсат жолында күш біріктіретін маңызды басқосу. Себебі, кітап оқу мәде-

ниетін қалыптастыру – тек кітапханашылардың емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті», – деп атап өтті директор.

Іс-шара барысында өңірлік кітапханалардың үздік тәжірибелері таныстырылып, кітап оқу мәдениетін дамытуға бағытталған жаңа бастамалар мен жобалар ұсынылды. Әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі Алғабек Хамитұлы Мемлекет басшысының кітап оқуды ұлттың интеллектуалдық дамуының басты тетігі ретінде қарастыратынын атап өтті. Ол кітап оқу мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында бірнеше ұсынысын ортаға салды.

Алғашқы ұсынысы – «Кітаппен сауығу» жобасы. Оның айтуынша, ауруханаларда адамның тәнін дәрі емдесе, рухани жан-дүниесін кітап емдейді. Осыған байланысты медициналық мекемелерде кітап бұрыштарын ашып, электронды кітаптарға қолжетімділікті арттыру қажет екенін жеткізді. Екінші ұсынысы – «Әділет кітапханасы» бастамасы. Бұл жоба аясында сот және прокуратура мекемелерінде арнайы кітап сөрелерін орналастырып, оларды әдеби



шығармалармен толықтыру ұсынылды. Мұндай бастама азаматтардың құқықтық мәдениетін арттырып, парасатты қоғам қалыптастыруға ықпал етеді. Үшінші ұсынысы – «Әр облыстан бір кітап» жобасы. Аталған бастама бойынша әр өңір өзінен шыққан көрнекті тұлғаның бір еңбегін ұсынып, сол кітапты насихаттауға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру көзделеді.

Сонымен қатар, Алғабек

Хамитұлы Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасы тарапынан оқырманға ұсынылатын он кітаптың тізімі әзірленетінін атап өтті. Осы еңбектер негізінде түрлі мекеме арасында оқу марафондары ұйымдастырылып, жыл соңында үздік оқырмандарды анықтау жоспарланып отырғанын жеткізді.

**Жанболат ЖАҚЫМАН,**  
тағылымдамадан өтуші.

### Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің көрсететін мемлекеттік қызметтері:

#### Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:

- 1) «соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;
- 2) «прокуратура, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»;
- 3) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және / немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;
- 4) «адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».

«Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн-режимде көрсетіледі, оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады www.egov.kz ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация «КЕАҚ-на бармай-ақ Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «EgovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы қол жеткізуге болады.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді.

Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шетелге шығу үшін апостиль қойылған қағаз түрінде соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады, дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып бері-

леді. Яғни қылмыстық қудалау органымен тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті.

Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүрген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру қылмыстар: азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні.

Барлық мемлекеттік қызмет тегін болып саналады, апостиль қоюдан басқа оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.**

«Заң мен Тәртіп»



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**  
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:  
тел.: 248-60-08.

E-mail:

**almatyaqparat@gmail.com**

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА**

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –  
**Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –  
**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Коммерциялық директор –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел.: 248-49-55.

E-mail:

**rekalmatyaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі.

E-mail:  
**rekalmatyaqparat@gmail.com**  
тел.: 248-49-55,  
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ,**  
**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден  
18.00-ге дейін хабарласыңыз

**ALMATY AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Almaty Aqparat» ЖШС.**  
E-mail:  
**almatyaqparat@gmail.com**  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)**

**Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ51VPY00150334 куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Осфеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ



ШЫН МӘНИНДЕ:



**Өтіп бара жатқан апта әлеуметтік желілердегі ең қызу талқыланған бірнеше жайтпен есте қалды. Желі қолданушылары кеңінен сөз еткен Алматы хайуанаттары бағының айналасындағы жаңалықтар біздің назарымызды аударған болатын. Онда кейбірі Алматыдағы ақ аю – Пурганың жағдайына алаңдаушылығын жеткізген, ал енді бір қатары арыстанға тас лақтырған «батыл әйелге» ызаланған.**

# АЛАҢДАМАҢЫЗ, АҚ АЮДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСЫ!

Threads-та жарияланған бейнежазба мен фотосуреттерде Алматы хайуанаттары бағындағы полярлық ақ аюдың «мүшкіл» жағдайы бейнеленген. Пікір алаңында желі қолданушылар жануарлардың жай-күйіне алаңдаушылық білдірді. Тіпті, олардың жағдайын өз көзімен көру үшін хайуанаттар бағына арнайы барып қайтқанын да жазды.

Сөйтсек, «Пурга» есімді аюдың хәлі ондай мүшкіл болмай шықты. Оны сол бейне-суреттерден кейін хайуанаттар бағына барған желі қолданушысы растапты:

«Пікірлерді оқып шыққаннан кейін бүгін хайуанаттар бағына өзім барып қайтуды жөн көрдім, – дейді Галия есімді Threads қолданушысы. – Барған соң жазылып жатқан жайтты емес, мүлде басқа көріністі көрдім. Ақ аюдың жағдайы жақсы, қоршауында қажет жағдайдың бәрі жасалған. Аумағында су толтырылған бассейндер бар, қар сақталған жерлер де көрінеді. Сонымен қатар, кез келген уақытта кіріп демалатын салқын жабық орны қарастырылған. Егер жануар ашық жерде жүрсе, демек оған сол орта жайлы деген сөз. Өйткені, қажет кезде салқындауына барлық мүмкіндік бар. Тағы бір мәрте қысқа видеолар арқылы жағдайды толық әрі объективті бағалау әрдайым мүмкін емесіне көзім жетті, – деп жазды оқырман.

Әлеуметтік желідегі талқылаулардан кейін Алматы хайуанаттары бағы да ресми түсініктеме берді. Мекеме мәліметінше, Пурганы мамандар мен ветеринарлар тұрақты бақылауда ұстап келеді. Әрі барлық жануар үшін қажет жағдай жасалған. Мамандардың айтуынша, ақ аюлардың күннің ыстық уақытында ұзақ уақыт тынығып жатуы – қалыпты құбылыс. Мұндай мінез-құ-

лық табиғи ортада да, хайуанаттары бағында да кездеседі.

Ал өткен аптада Алматы хайуанаттары бағында келеңсіз жағдай болды. Әлеуметтік желілерде саябаққа келушілердің бірі арыстанның назарын аудару үшін оған тас лақтырғаны түсірілген бейне тарады. Көп ұзамай, бұл әрекет қоғамның наразылығын тудырып, жануарларға деген жауапкершілік мәселесін қайта көтерді.

Хайуанаттары бағы әкімшілігі мұндай әрекеттердің жануарларға күйзеліс тудырып, денсаулығына қауіп төндіретінін мәлімдеді. Оқиға бойынша бейнебақылау жазбалары құқық қорғау органдарына жолданып, тиісті шаралар қабылдау үшін материалдар тапсырылғанын хабарлады.

Жұртшылық жануарлардың жағдайына алаңдап, хайуанаттары бағына келушілер мәдениеті туралы да қызу пікір білдіріп жатты. Көпшілік жануарларға тас лақтыру, қоршауларды бұзу немесе хайуанаттарды әдейі мазалау әрекеттеріне қатаң жауапкершілік қарастыру қажет екенін жазды.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**



ОЛИМПИАДА

# ҮЗДІК ЖАС МАТЕМАТИКТЕР

Алматыда бас қосты



**Оңтүстік астанада 15–24 маусым аралығында «Олимпиадалық академия» республикалық жобасының финалдық кезеңі өтіп жатыр. Биыл бесінші рет ұйымдастырылған білім додасына еліміздің түкпір-түкпірінен келген 1422 үздік жас математик қатысуда. Айта кетерлігі, Алматыда осы жылы байқаудың республикалық финалы екінші мәрте ұйымдастырылды.**

«Олимпиадалық академия» – балалардың математикалық және логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған республикалық жоба.

Жобаның негізін қалаушы Ырысбек Мәуітұлының айтуынша, байқау жас ұрпақтың ғылым мен технологияға қызығушылығын арттырып, болашақта еліміздің интеллектуалдық әлеуетін күшейтуге үлес қосуды мақсат етеді.

– Бұл жобаға қатысатын балалар бірден финалға келмейді. Күзден бастап республика бойынша іріктеу жүреді. Сол іріктеуден өткен оқушылар тоғыз ай бойы дайындалады. Жыл ішінде өңірлік жарыстар ұйымдастырылып, ал маусым айында республикалық қорытынды кезең өтеді. Жарысты көруге келген қонақтардың өзі мектепте математиканы бұлай қызықты етіп оқытпағанына өкініш білдіріп жатады. Ал біз сол математиканы эмоцияға толы жарыс арқылы қызықтыруды қолға алдық. Нәтижесі жаман емес, пәнге деген қызығушылығы өте жоғары балалар саны күрт артып келеді, – деді Zerdeli Group негізін қалаушы Ырысбек Мәуітұлы.

Байқауда республиканың әр өңірінен келген 37 команда тоғыз күн бойы бақ сынайды. Әр команда құрамында орта есеппен 12 оқушы бар. Жарыс кезең-кезеңімен ұйымдастырылып, алғашқы үш күнде 3-сынып оқушылары, кейін 4 және 5-сынып оқушылары өзара сынға түседі.

Финалдық кезеңнің тапсырмалары мектеп бағдарламасынан тыс, логикалық, олимпиадалық бағыттағы күрделі есептерден құралған. Сайыс 100 ұпайлық жүйемен бағаланады. Қатысушылар соңғы жауабы жазылатын есептерді

шешіп, шығарылу жолы толық дәлелденетін күрделі тапсырмаларды орындайды.

«Зерделі» білім беру орталықтары мен «Зерделі» мектептер желісінің Алматы қаласы бойынша топ-менеджмент мүшесі, Алматы қаласындағы орталықтардың директоры Сетерхан Қаденнің ойынша, мықты шәкірт тәрбиелеу үшін мықты ұстаз қажет. Сондықтан кәсіби біліктілікті бағалау мақсатында шәкіртін алып келген мұғалімдер үшін де олимпиада ұйымдастырылған.

«Кішкентай кезінен бастап сыни ойлауын дамытып, күрделі мәселеге ой жүгіртіп, түбіне дейін жеткізетін қабілеттерін ашу – біздің жобаның басты міндеті. Осындай сынақтардан өткен балалар болашақта жоғары сыныптарға барғанда математика, физика сияқты жаратылыстану ғылымдары саласында еліміздің Көк Туын халықаралық аренада көтеретін болады. Финалға өткен балалардың өзі әр облыстағы ең мықты оқушылар. Олар команда құрамына кіру үшін 3 кезеңнен тұратын іріктеуден өтті. Сондықтан олимпиада тапсырмалары кәдімгі мектеп бағдарламасы емес, баланың логикасын ұштайтын таза олимпиадалық бағыттағы күрделі есептерден құралған», – деді Сетерхан Қаден.

Тараз қаласынан келген бастауыш сынып мұғалімі Дина Ақпанбаеваның байқауға екінші жыл қатысуы екен.

«Балаларда аздап толқыныс бар, бірақ барымызды салып дайындалдық. Бүгін жаттықтырушылардың да жарысы өтті. Оқушыларға екі сағат берілсе, дәл сол есептерді шығаруға мұғалімдерге бір сағат берілді. Балаларды күрделі есептерді шешуге аптасына 3 сағаттан, А, В, С деңгейлеріне бөліп, оңайдан қиынға қарай дайындадық. Ал соңғы айларда қарқынды үдетіп, 3-4 сағаттан тек олимпиадалық бағыттағы логикалық есептерді шығардық», – деді жаттықтырушы.

Жарыс қорытындысы бойынша жеке сайыста абсолютті бірінші және екінші орын алған оқушылар соңғы үлгідегі iPhone смартфондары және өзге де бағалы сыйлықтармен марапатталады. Ал командалық кезең блиц форматында өтіп, үздік алты команда финалға жолдама алады. Финалда бір команда ғана Бас жүлдені иеленеді.

**Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.**